

## Тіркелген салықтың базалық мөлшерлемелерін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Павлодар облысы Качир аудандық мәслихатының 2010 жылғы 23 желтоқсандағы N 2/27 шешімі. Павлодар облысы Качир ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 31 желтоқсанда N 12-8-99 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Качир аудандық мәслихатының 2013 жылғы 17 маусымдағы N 8/14 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Качир аудандық мәслихатының 17.06.2013 N 8/14 шешімімен.**

**Ескерту. Атауы жаңа редакцияда - Павлодар облысы Качир аудандық мәслихатының 2011.03.30 N 6/30 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы "Салықтар мен бюджетке басқа міндетті төлемдер туралы" Кодексінің 422-бабы 2)-тармағына сәйкес аудандық мәслихат

### **Ш Е Ш І М**

### **Е Т Т І :**

1. Салық салу объектілеріне қосымшаға сәйкес тіркелген салықтың базалық мөлшерлемелері **бекітілсін.**

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Павлодар облысы Качир аудандық мәслихатының 2011.03.30 N 6/30 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

2. Осы шешім 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілсін.

3. Аудандық мәслихаттың (III сайланған XXVI кезекті сессиясы) 2006 жылғы 21 желтоқсандағы "Тіркелген жиынтық салықтың базалық мөлшерлемелерін бекіту туралы" N 7/26 шешімнің күші жойылды деп танылсын.

*Сессия төрағасы*

*В. Бабий*

*Качир аудандық мәслихатының хатшысы*

*С. Баяндинов*

ІҮ сайланған аудандық мәслихаттың  
2010 жылғы 23 желтоқсандағы  
XXVII кезекті сессиясының  
N 2 / 2 7 ш е ш і м і н е

қосымша

Р/с N	Салық салу объектісінің атауы	Тіркелген салықтың мөлшерлемер өлшемдері ( айлық есептік көрсеткіштерде)
1	2	3

1	Бір ойыншымен ойын жүргізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	5
2	Бір ойыншыдан артық қатысуға болатын ойын жүргізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	10
3	Ойын жүргізуге жұмсалатын дербес компьютер	2
4	Ойын жолы	20
5	Карт	10
6	Бильярд үстелі	10

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК